

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 344-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005.01.11. N 3 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 165-ө өкімінің күші жойылды деп танылсын.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң  
2 0 0 4                    ж ы л ғ ы                    2 4                    қ а р а ш а д а ғ ы  
N                    3 4 4 - ө                    ө к і м і м е н  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,  
Премьер-Министрінің орынбасарлары және  
Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында  
МІНДЕТТЕРДІ БӨЛУ**

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
Д.К.Ахметов**

Үкіметтің қызметіне басшылық жасау.

Қазақстан Республикасының Президентімен, сондай-ақ Парламентпен, Конституциялық кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да конституциялық органдармен қатынастарда Үкіметтің атынан өкілдік ету.

Мемлекетаралық қатынастар мен халықаралық ынтымақтастық мәселелері.

Экономикалық және қаржы саясаты, қорғаныс, құқықтық тәртіп, мұнай-газ секторын дамыту мәселелері.

Үкіметтің заң шығару қызметін үйлестіру.

Республикалық бюджет комиссиясының және Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің жұмысына басшылық жасау.

Үкіметтің кадр мәселелері.

Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) қызметін жалпы бақылау.

### **Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары**

**Б.С.Әйтімова**

Әлеуметтік даму, ұлтаралық қатынастар, Денсаулық сақтауды реформалау және дамыту мемлекеттік бағдарламасын, Білім берудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мәселелері.

Әлеуметтік әріптестік, Республикалық үш жақты комиссияға басшылық жасау мәселелері.

Мемлекеттік органдардың халықты әлеуметтік қамсыздандыру, демография және көші-қон, білім беруді, ғылымды, ақпаратты, мәдениетті, денсаулық сақтау мен спортты дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің қызметін жалпы бақылау.

### **Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары**

**А.С.Есімов**

Экономиканы жедел басқару, өңірлік саясат, Қазақстан Республикасының мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын, Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мәселелері.

Мемлекеттік органдардың ауыл шаруашылығын және агроөнеркәсіптік кешенді, жер және су қатынастарын дамыту, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Төтенше жағдайлар, жұмылдыру жұмысы мәселелері.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің, Жер ресурстарын басқару агенттігінің, Статистика агенттігінің қызметін жалпы бақылау.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары**  
**С.М.Мыңбаев**

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын, Тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, инвестициялық саясатты іске асыру мәселелері .

Мемлекеттік органдардың өндірістік саланы, инфрақұрылым мен жаңа технологияларды, туризмді дамыту, мемлекеттік органдарды ақпараттандыру, монополистік қызметті шектеу және бәсекелестікті қорғау мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру .

Экспорттық бақылау, табиғи монополияларды реттеу мәселелері.

ТМД елдерімен және олардың ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қатынастарды үйлестіру, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі мәселелері .

Мемлекеттік даму институттарының (Қазақстанның Даму Банкі, Инвестициялық қор, Инновациялық қор, Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі корпорация және басқалары) қызметін үйлестіру .

Индустрия және сауда министрлігінің, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, Көлік және коммуникация министрлігінің, Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің, Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің қызметін жалпы бақылау.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі**  
**Кеңсесінің Басшысы**  
**А.А.Тілеубердин**

Үкіметтің шешімдерін дайындау және олардың орындалуын ұйымдастыру бөлігінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың мемлекеттік және орындаушылық тәртіпті сақтау, мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру .

Үкіметтің кадр саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Үкіметтің өңірлік саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, Үкіметтің облыстар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Премьер-Министр Кеңсесінің Президент Әкімшілігімен және Парламент палаталары аппараттарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

